

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ Ш-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 1 бет
---	--	--

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректоры
М.К. Ибатов
Ғылыми Кеңестің
« 31 » 08 2022 ж . № 1 шешімі



ҚАҒИДА

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

ІҚЕ Ш-13-2022

Әзірлеген: ҒЖИД бас сарапшысы

В.С. Моисеев

Қарағанды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 2 бет
---	--	---

Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	4
4	Жалпы ережелер	10
5	ҒТК-ның негізгі міндеттері	11
6	ҒТК-ның негізгі функциялары	11
7	ҒТК-ның қызметін ұйымдастыру	12
	А қосымшасы Келісу парағы	13
	Б қосымшасы Танысу парағы	14
	Библиография	15

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 3 бет
---	--	--

1 Қолдану саласы

1.1 Осы қағида «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың Ғылыми-техникалық кеңесінің (бұдан әрі – ФТК) қызметін ұйымдастыруға, өткізуге және тиісті жоспарлауға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы Қағида сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттарының құрамына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Қағидада мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 [1] бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 [2] бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Докторантура);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 [3] бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Магистратура);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 [4] бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің (Бакалавриат) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 [5] бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру ережелері;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 [6] бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы үлгілік қағида;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІ [7] қаулысымен қабылданды;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ [8];
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 [9] қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 [10] қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- МЕМСТ 7.32-2017 мемлекетаралық стандарт. Кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережелері [11];

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ Ш-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 4 бет
---	--	--

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №149 [12] бұйрығымен бекітілген мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу ережесі.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Қағидада заңнамалық және нормативтік базаға сәйкес мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Ғылым – табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдылықтарын зерттеу, шындық туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жүйелеу функциясы болып табылатын адам қызметінің саласы;

Ғылыми қызмет – зерделенетін объектілерге, құбылыстарға (процестерге) тән қасиеттерді, ерекшеліктер мен заңдылықтарды анықтау мақсатында айналадағы болмысты зерделеуге және алынған білімді практикада пайдалануға бағытталған қызмет;

Ғылыми-техникалық қызмет – технологиялық, конструкторлық, экономикалық және әлеуметтік-саяси және өзге де міндеттерді шешу үшін ғылымның, техника мен өндірістің барлық салаларында жаңа білім алуға және қолдануға, осы зерттеулерді жүргізу үшін қажетті нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуді қоса алғанда, ғылымның, технология мен өндірістің бірыңғай жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет;

Ғылыми-зерттеу қызметі – зерделенетін объектілерге, араларға (процестерге) тән ерекшеліктерді, заңдылықтар мен заңдарды анықтау мақсатында қоршаған болмысты зерделеумен және алынған білімді практикада пайдаланумен байланысты қызмет түрі;

Инновациялық қызмет – ғылыми-техникалық прогрестің аса маңызды мәселелері бойынша қабылданатын шешімдердің негізділік деңгейін айқындаудың жаңа идеяларын, ғылыми білімдерін, технологияларын енгізуге бағытталған қызмет;

Ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс;

Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар – бірлескен ғимаратта немесе өнімді жаңғырту кезінде орындалатын жұмыстар кешені, тәжірибелік үлгілерге конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, тәжірибелік үлгілер мен пайдалы модельдерді дайындау және сынау;

Іргелі зерттеу – табиғат, қоғам, адам дамуының негізгі заңдылықтары мен олардың өзара байланысы туралы жаңа ғылыми білім алуға бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеу;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 5 бет
---	--	--

Қолданбалы зерттеу – практикалық мақсаттарға қол жеткізу және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алуға және қолдануға бағытталған қызмет;

Стратегиялық зерттеулер – стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған іргелі не қолданбалы зерттеулер;

Ғылыми зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер;

Ғылыми-әдістемелік жұмыс – ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибеге негізделген және үздіксіз білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын жетілдіруге бағытталған қызмет түрі;

Эксперименттік әзірлемелер – ғылыми зерттеулер нәтижесінде немесе практикалық тәжірибе негізінде алынған білімге негізделген және адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға, жаңа материалдар, өнімдер, процестер, құрылғылар, қызметтер, жүйелер немесе әдістер жасауға және оларды одан әрі жетілдіруге бағытталған

Тәжірибелік өндіріс – ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының құрылымдық бөлімшесі немесе негізгі қызметі тәжірибелік үлгілер мен пайдалы модельдерді, жаңа өнімдер мен технологиялық процестерді дайындау және байқаудан өткізу болып табылатын заңды тұлға;

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі:

- ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған және кез келген ақпараттық тасымалдағышта тіркелген жаңа білімдер немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері;

- жаңа білімді немесе жаңа шешімдерді қамтитын, кез келген ақпарат тасымалдағышта тіркелген және қолдануға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің объективтендірілген нәтижесі;

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы зияткерлік қызмет нәтижесі – өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиясы, электрондық есептеу машиналарына және дерекқорға арналған бағдарламалар және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінде алынған зияткерлік қызметтің басқа да нәтижелері;

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру – табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикада қолдануға байланысты қызмет;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ Ш-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 6 бет
---	--	--

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізу (пайдалану) – жаңа өнімді игерудің немесе жаңа технологияны енгізудің ғылыми-өндірістік циклінің қорытынды кезеңін іске асыруға бағытталған қызмет;

Зияткерлік меншік – азаматтың немесе заңды тұлғаның ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар нәтижесінде алынған зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді дараландыру құралдарына айрықша құқығы;

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есеп:

- ғылыми-техникалық жұмысты іске асыру туралы ақпаратты, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді, сондай-ақ жоспарланған жұмыстарды одан әрі жүргізудің орындылығы туралы не аяқталған ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарламаның нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын құжат;

- ғылыми-зерттеу жұмысы туралы жүйеленген деректерді қамтитын, ғылыми-техникалық проблеманың жай-күйін, ғылыми зерттеу процесін және/немесе нәтижелерін сипаттайтын ғылыми-техникалық құжат;

Ғылыми-техникалық ақпарат – ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік қызмет барысында алынатын, ғылымның, техниканың, технологиялардың ұлттық және шетелдік жетістіктері туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат;

Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясат – мемлекеттің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке қатынасын білдіретін, ғылым мен техника саласындағы әртүрлі ұйымдар қызметінің, ғылыми-техникалық жетістіктерді іске асырудың, жаңа технологиялар жасаудың, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы негізгі басымдықтарын, мақсаттарын, бағыттарын, қағидаттарын, нысандары мен әдістерін айқындайтын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі;

Салалық уәкілетті орган – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

Мемлекеттік тапсырыс – уәкілетті органның және (немесе) салалық уәкілетті органдардың базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру нысанында мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған шарт негізінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісіне тапсырысы;

Университет – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ;

Зерттеу университеті – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бес жылға арналған даму бағдарламасын іске асыратын және білім мен ғылымды интеграциялау, жаңа білім мен технологияларды генерациялау мен трансферттеу

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 7 бет
---	--	--

үшін өз қызметінің нәтижелерін пайдаланатын университет;

Инновациялық-білім беру консорциумы – бірлескен қызмет туралы шарт негізінде жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар және өндіріс саласында жұмыс істейтін басқа да заңды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновациялар базасында жоғары білікті мамандар даярлау үшін зияткерлік, қаржылық және өзге де ресурстарды біріктіретін ерікті тең құқықты бірлестік;

Ғылыми-білім беру консорциумы – ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындары және басқа да заңды тұлғалар, оның ішінде өндіріс саласында жұмыс істейтін басқа да заңды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, технологиялық инновацияларды әзірлеу және жоғары білікті мамандарды даярлау үшін зияткерлік, қаржылық және өзге де ресурстарды біріктіретін бірлескен шаруашылық және ғылыми қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті тең құқықты уақытша бірлестік;

Ғылыми инфрақұрылым – ғылыми ұйымның балансындағы ғылыми зертханалық және инженерлік жабдық, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріс, бірегей объектілер, сондай-ақ өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүлік;

Стартап-компания – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын және ұсынылған талаптардың біріне сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға:

- қызметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың қатысуымен құрылған;

- инновациялар әзірлеу;

Эндаумент-қор - жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының қоры-қайырымдылық көмек, өтеусіз аударымдар, қайырмалдықтар, гранттар, білім беру ұйымдары құрылтайшыларының (қатысушыларының) салымдары есебінен қалыптастырылатын нысаналы капитал қоры, одан түсетін инвестициялық кіріс ғылыми және (немесе) білім беру қызметін қаржыландыруға бағытталады;

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін **коммерцияландыру орталығы (кеңсесі)** - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға, ғылыми ұйымның, жоғары оқу орнының, дербес немесе өзге де білім беру ұйымының құрылымдық немесе оқшауланған бөлімшесі;

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін **коммерцияландыруға арналған грант** - экономиканың басым секторлары шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде ұсынылатын бюджеттік және (немесе) бюджеттен тыс қаражат;

Ғылыми, ғылыми-техникалық жоба және бағдарлама – болжамды ғылыми-техникалық жұмыстың мазмұнын қамтитын, жоспарланған жұмыстарды жүргізудің мақсаттары мен міндеттерін, өзектілігін, жаңалығын, ғылыми-

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ Ш-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 8 бет
---	--	--

практикалық маңыздылығы мен орындылығын негіздейтін ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді білдіретін құжат;

Ғалым – ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін алатын жеке тұлға;

Ғылыми қызметкер – ғылыми ұйымда, жоғары оқу орнында немесе ұйымның ғылыми бөлімшесінде жұмыс істейтін, жоғары білімі бар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін алатын және іске асыратын жеке тұлға;

Инженерлік-техникалық қызметкер – ғылыми ұйымда немесе жоғары оқу орнында жұмыс істейтін, орта кәсіптік немесе жоғары білімі бар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін алуға және оны іске асыруға жәрдемдесетін жеке тұлға;

Маман – жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін адамдарға берілетін біліктілік;

Жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар;

Жоғары арнаулы білім (маман) - тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маман біліктілігін бере отырып, кемінде 300 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімді жоғары білімі бар азаматтар алады;

Кәсіптік білім беру – білім алушылардың белгілі бір салада кәсіптік қызметті жүргізуге және (немесе) нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмысты орындауға мүмкіндік беретін білім, білік, дағды және құзыреттер алуына бағытталған білім беру түрі;

Техникалық және кәсіптік білім беру – білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған білім беру;

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

Жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына өзі құрастыратын білім алушының оқу жоспары;

Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

Студент – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алып жатқан адам;

Дипломдық жұмыс – бұл білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті мәселені студенттің өз бетінше зерттеу нәтижелерін жалпылау болып

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ Ш-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 9 бет
---	--	--

табылатын бітіру жұмысы;

Дипломдық жоба – жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттердің дербес шешімі болып табылатын студенттің бітіру жұмысы;

Бакалавр – жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже;

Магистратура – жоғары оқу орнынан кейінгі білім, оның білім беру бағдарламалары «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған;

Магистрант – магистратурада оқитын тұлға;

Магистрлік диссертация - ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы теориялық және (немесе) практикалық әзірлемелерді қамтитын дербес ғылыми зерттеу болып табылатын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы;

Магистрлік жоба – таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес ғылыми зерттеу болып табылатын бейіндік магистратура магистрантының бітіру жұмысы;

Магистр – магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

Докторантура – білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

Докторант – докторантурада оқитын тұлға;

Философия докторы (PhD) - ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

Бейіні бойынша доктор – Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

Докторлық диссертация – жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде жіктеуге болатын, немесе проблема шешілген, не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған теориялық ережелер әзірленген дербес зерттеу болып табылатын докторанттың ғылыми жұмысы;

Диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) – докторант дайындаған және жоғары оқу орны бірінші немесе екінші оқу жылдары

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 10 бет
---	--	--

ішінде бекіткен, зерттеу мақсатын, міндеттері мен әдіснамасын, әдебиетке шолу мен зерттеуден күтілетін нәтижелерді қамтитын құжат;

Диссертациялық кеңестер – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары жанындағы алқалы органдар.

4 Жалпы ережелер

4.1 Ғылыми-техникалық кеңес университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті үйлестіру, басқару және практикалық іске асыру саласындағы консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

4.2 ҒТК өз қызметінде «Ғылым туралы» [1] 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын, «Білім туралы» [2] 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын, ғылым және коммерцияландыру саласындағы өзге де нормативтік-заңнамалық актілерді, сондай-ақ Университеттің Жарғысын [3] және осы қағиданы басшылыққа алады.

4.3 Қарағанды техникалық университетінің ғылыми-техникалық кеңесі туралы осы Қағида (бұдан әрі - Қағида) университеттің ғылыми-техникалық кеңесінің міндеттері мен функцияларын, оны қалыптастыру тәртібін, жұмысы мен құзыретін анықтайды.

4.4 ҒТК-ның төрағасы Университеттің ғылыми жұмыс жөніндегі проректор болып табылады.

5 ҒТК-ның негізгі міндеттері

5.1 Университеттің ғылыми бөлімшелерінің құрылымын жетілдіру және олардың қызметінің тиімділігін арттыру.

5.2 Университет базасында ғылыми бағыттарды, мектептерді және жоғары білікті ғылыми ұжымдарды қалыптастыру.

5.3 Қазақстан дамуының ғылыми және ғылыми-техникалық проблемаларын шешу, оқу процесін жетілдіру үшін университеттің ғылыми әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру.

5.4 Университеттің ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларын, жоғары мектеп проблемалары бойынша зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстардың кешенді жоспарларын әзірлеу.

5.5 Ғылыми-техникалық қамтамасыз ету және ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, жобалау-іздістіру және технологиялық жұмыстарға басшылық ету.

5.6 Оқу процесінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдалану, университеттің ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстарын орындауға докторанттарды, магистранттарды және студенттерді тарту негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ Ш-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 11 бет
---	--	---

мамандар даярлау сапасын жақсарту.

5.7 Қазақстан ұйымдарымен ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастық нысандарын дамыту.

5.8 Шет елдердің оқу орындарымен және фирмаларымен халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейту.

5.9 Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың жағдайын талдау және оларды даярлауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

6 ҒТК-ның негізгі функциялары

6.1 Университеттің ғылыми қызметіне талдау жүргізу.

6.2 Іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша Университеттің негізгі ғылыми бағыттары мен бағдарламаларын қарастыру.

6.3 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларын қарау.

6.4 Университеттің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметі туралы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы ережелерді қарау, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен әзірлемелерді келісу.

6.5 Университеттің ғылыми бөлімшелерінің құрылымын жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарау және бекіту.

6.6 Қазақстан дамуының ғылыми және ғылыми-техникалық проблемаларын шешу үшін Университеттің ғылыми әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.

6.7 Профессор-оқытушылар құрамы мен Университет қызметкерлері дайындаған ғылыми монографияларды қарау және баспаға ұсыну.

6.8 Университеттің ғылыми және оқу бөлімшелері басшыларының жүргізілетін ғылыми жұмыс, оған магистранттар, докторанттар мен студенттерді тарту, ғылыми әзірлемелерді енгізу, зерттеу нәтижелерін оқу процесінде пайдалану туралы есептерін тыңдау.

6.9 Халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың бағдарламалары мен жоспарларын қарау.

6.10 Қазақстан ұйымдарымен ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың бағдарламалары мен жоспарларын қарау.

7 ҒТК-ның қызметін ұйымдастыру

7.1 ҒТК-ның құрамын ғылыми жұмыс жөніндегі проректор құрады және Университеттің Ғылыми Кеңесі бекітеді.

7.2 ҒТК-ның құрамына лауазымы бойынша ғылыми жұмыс жөніндегі проректор (төраға) және ғылым және инновациялар департаментінің директоры

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 12 бет
---	--	---

(төраға орынбасары) кіреді. ҒТК-ның құрамына кафедра меңгерушілері, құрылымдық ғылыми бөлімшелердің басшылары және Университеттің жетекші ғалымдары, сондай-ақ Корпоративтік Университет ұйымдарының қызметкерлері кіре алады.

7.3 ҒТК-ның отырыстары бекітілген жоспар бойынша және қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі. Егер ҒТК-ның бекітілген тізімдік құрамының 2/3 кем емес бөлігі қатысса, ҒТК-ның отырысы заңды болып табылады. Шешім ашық, ал жекелеген жағдайларда төрағаның шешімі бойынша жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

7.4 Осы ҒТК-ның қағидасын қолдану мерзімі – бекітілген күннен бастап 4 жыл.



Қағиданы қолдануды тоқтату туралы ұсыныстар болмаған жағдайда, ол белгісіз мерзімге ұзартылады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16-тен 13 бет
---	--	---

А қосымшасы
(міндетті)

Ф.01-2022

Келісу парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
СБӨ	Жетесова Г.С.	03.08.22	
Ғылыми жұмыс жөніндегі Про- ректор	Исагулов А.З	01.08.22	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ Ш-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 14 бет
---	--	---

Б қосымшасы
(міндетті)

Ф.02-2022

Танысу парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 15 бет
---	--	---

Библиография

[1] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (04.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

[2] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Докторантура) (04.07.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен);

[3] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің (Магистратура) Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (04.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен);

[4] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің (Бакалавриат) Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (04.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен);

[5] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру қағидалары (04.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

[6] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы Үлгілік ереже (04.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен);

[7] Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІ қаулысымен қабылданды (04.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

[8] Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ (27.06.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

[9] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

[10] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

[11] ГОСТ 7.32-2017 мемлекетаралық стандарт. Ақпарат, кітапхана және баспа стандарт бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Дизайн құрылымы мен ережелері;

[12] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 149 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-техникалық кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.07.04 16 тен 16 бет
---	--	--

және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидалары;
[13] Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ ҚРЗ
«Білім туралы» (07.07.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен
толықтырулармен);
[14] Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-ІV
ҚРЗ «Ғылым туралы» (01.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және
толықтырулармен);
[15] Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V ҚРЗ
«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін
коммерцияландыру туралы» (08.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен).